



010000, Астана қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй  
тел: 55 66 31, 55 66 35, факс: 55 72 94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

23.01.17 № 1

№ \_\_\_\_\_ ге

**Тұрақты комиссияның  
2017 жылғы  
23 қаңтардағы қаулысы**

**Қоғамдық тамақтандыру және  
қонақ үй бизнесі саласы  
кәсіпорындарының қызмет көрсету деңгейі  
және ұсынатын қызметтерінің  
жағдайы туралы**

Қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының «Қоғамдық тамақтандыру және қонақ үй бизнесі саласы кәсіпорындарының қызмет көрсету деңгейі және ұсынатын қызметтерінің жағдайы туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай отыра, қалада елорда халқы мен қонақтарының демалу және тамақтануының қолайлы шарттарын мемлекеттік бақылау, сақтау және қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешені атқарылып жатқандығын анықтады.

Қаланың кәсіпкерлігі мен өнеркәсібінің басым бағыттарын іске асыру қамтамасыз етілуде, ол жерде сауда және қызмет көрсету саласы 87-ден астам пайызды құрайды.

Шағын және орта бизнес субъектілерінің мәліметтер базасын құру және жаңарту бойынша жұмыс жүргізілуде. Елордада 273 мейрамхана, 460 дәмхана және 27 асхана жұмыс істейді. 80 пайыздан астам тамақтандыру объектілері Астана қаласының сауда – ойын – сауық орталықтарында орналасқан.

«Бизнестің жол картасы-2020» қолдау және дамыту шегінде сауда қызметі мен ұсынылатын қызметтер сапасын көтеру бойынша шаралар қабылдануда, оларды орындау барысында нөмірлі қор 1000 нөмірге ұлғайды.

Астана қаласының шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін өңірлік қаржыландыру қамтамасыз етілуде. Франшиздер тартумен байланысты, ритейлерлік желілерді, қоғамдық тамақтандыру бекеттерін дамыту және жандандырудың 19 жобасын қаржыландыру мақұлданды.

Көше саудасын заманауи нысанға сәйкестендіру бойынша жұмыс белсендендірілуде. «1000 орын – көше саудасы» бағдарламасы әзірленді, оны

іске асыру барысында кәсіпкерге ұзақ мерзімді перспективалы жұмыс есебімен жұмыста тұрақтылық және инвестициялар салымы кепілдендіріледі.

Елордада қызмет көрсету сапасын жақсартуға бағытталған Recommended by EXPO-2017» Астана қаласының Серіктестік бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) іске асырылуда. Бағдарламаға қатысу заманауи туризмнің, персоналдың біліктілігінің жаңа талаптарына сәйкестігіне тексеруге кәсіпкерді бағалау болжанады. Бағдарламаға туризм саласындағы кәсіпкерліктің 136 объектісі қабылданды, оның ішінде 35 қонақ үй және қоғамдық тамақтандырудың 55 объектісі. 23 қонақ үй мен 39 қоғамдық тамақтандыру объектісі аккредитациядан өтті. Бағдарламаны іске асыру шегінде кәсіпкерлікті дамыту үшін қолдаудың қаржылық емес тетіктері көрсетілуде. Осы мақсаттарда 2016 жылдың қарашасынан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен бірге қонақ үй және мейрамхана бизнесі саласында кәсіпкерлерді дайындау бойынша жұмыс жүргізілуде. Қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметкерлерін тегін негізде ағылшын тіліне оқыту және біліктіліктерін көтеру бойынша қызмет белсендендірілді. 250-ден астам адам оқытылды.

Астана қаласының аумағында тұтынушыларды қорғау және халықты санитарлық – эпидемиологиялық жақсарту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған жұмыс жүргізілуде. 2016 жылы қоғамдық тамақтандырудың 238 объектісі мен 180 сауда объектісі тексерілді. 1200-ден астам сауда объектісі және санитарлық ережелерге объектілердің сәйкестігі туралы санитарлық – эпидемиологиялық қорытындысы бар қоғамдық тамақтандырудың 787 объектісі бақылауда. Заңды және жеке тұлғаларға тамақ кәсіпорындарын ашу бойынша консультациялар беріледі. Нарықтағы тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарының, көпшілік тамақтандыру, сауда және өзге де кәсіпорындардың басшыларымен 30 семинар – мәжіліс өткізілді.

ЭКСПО – 2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін дайындау және өткізу кезеңінде қауіпсіздік және құқықтық тәртіп тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру мақсатында шұғыл әдістерді, сондай-ақ, тамақтан улану, зиянды заттарды сыртқы ортамен индикациялануын және өзгелерді қолданумен VIP – персон мен арнайы делегацияларға қызмет көрсету объектілерін бақылау алгоритмі әзірленді.

Сонымен бірге, қалалық мәслихаттың тұрақты комиссиясы қоғамдық тамақтандыру және қонақ үй бизнесі саласының кәсіпорындары көрсететін қызметтер сапасы мен қызмет көрсету деңгейін жақсарту бойынша жүргізілген іс-шараларға қарамастан мәселелер қатары бар екендігін анықтады.

Қала аумағында мәнсіз тәуекел тобы объектілерінің шамамен 35 пайызы рұқсат құжаттарыңыз жұмыс істеуде. Олар 50 орынға дейін арналған дәмханалар, донерлер, құрылыс алаңдарындағы, қала базарларындағы тамақтандыру объектілері. Осындай объектілер пайдалануға жаңадан беріліп жатқан тұрғын үй кешендерінде және жеке секторларда орналасқан.

2016 жылы санитарлық – эпидемиологиялық қорытынды алу үшін келіп түскен жеке және заңды тұлғаның 1000 өтінішінің 56 пайызы санитарлық

ереже талаптарына сай емес. Қайтадан тексеру барысында бес қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына және үш сауда кәсіпорындарына қатысты материалдар сотқа берілді.

Медициналық зерттеулерден өтпеген персоналды жұмысқа алғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке кәсіпорындарды тарту фактілері орын алған, осыған байланысты, жұмыстан 500-ден астам адам шеттетілді.

Орын-жайлардың жеткіліксіздігі, тамақ өнімдерін мұздатқыш құралдарында сақтауда тауардың көршілестігін сақтамау, сондай-ақ, шарттар мен растаушы құжаттардың болмауы себептері бойынша санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкессіздік жағдайлары анықталды.

2016 жылы келіп түскен жүгінулердің көп бөлігі тұрғын үйлерде орналасқан қоғамдық тамақтандыру объектілерінің жұмыс істеулері бойынша бұзушылықтарға байланысты болады.

Қонақ үй бизнесінде қызмет көрсету сапасы мен бәсекелестік, туристік – қонақ үйлік қызмет көрсету үшін кадрларды дайындау сапасын көтеру мәселесі шешуді қажет етеді. Барлық қонақ үйлер көрсетілген жұлдызшаларына және біліктілік талаптарына сай емес.

Санитарлық ережелер талаптарын қатты бұзған жеке меншік қонақ үйлер Астана қаласының жеке құрылыс аумағында орналасқан, оларда орталық су бұру және кәріз жүйелері жоқ, тұрғын үй орын-жайлары апатты жағдайларда, қоқыс шығару қызметтерін көрсетуге, дератизациялық іс-шараларды жүргізуге шарттар жасалмаған.

Қаланың объектілер қатары кіреберіс жолдарының қасбеттерін, жабындарын, жарық беруін жөндеуге, өртке қарсы қуаіпсіздікті қамтамасыз етуге және жуық маңдағы аумақтарды абаттандыруға мұқтаж.

2016 жылы рұқсат етілмеген сыртқы жарнаманы орнатудың 750-ден астам фактісі анықталды және сауда, қоғамдық тамақтандыру және қонақ үй бизнесі саласында кәсіпкерлік субъектілерінің 450-ден астам жарнамалық конструкторлары бұзылды.

Тұрғын үйде ойын-сауық орындарының орналасуы мен жұмыс істеуі тұрғындардың наразылығын тудырады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде, Қалалық мәслихаттың құрылыс, экология, көлік, сауда және тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. «Қоғамдық тамақтандыру және қонақ үй бизнесі саласы кәсіпорындарының қызмет көрсету деңгейі және ұсынатын қызметтерінің жағдайы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Астана қаласының әкімдігіне, «Алматы», «Есіл», «Сарыарқа» аудандары әкімдіктеріне:

- кешкі және түнгі уақытта қала тұрғындарының қоғамдық тәртібі мен тыныштығын қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үйлерде орналасқан ойын – сауық мекемелерінің жұмыс істеу түзімін шектеу бойынша мәселе зерделенсін және қажетті шаралар қабылдау ұсынылсын.

3. «Астана қаласының Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» ММ, «Астана қаласының Инвестициялар және даму басқармасы» ММ, Астана қаласының Тұтынушыларыдң құқықтарын қорғау жөніндегі департаментіне:

- сауда қызметіне қолайлы жағдайлар құру және Астана қаласында ұсынылатын қызметтер сапасын жақсарту бойынша қызметті белсендендіру;

- қонақ үй бизнесі, қоғамдық тамақтандыру, қызмет көрсету сипасы объектілеріне қызмет көрсету сапасының заманауи талаптарға сәйкестендіру бойынша шаралар қабылдау;

- Астана қаласының жеке құрылыс аумағында орналасқан қоғамдық тамақтандыру және жеке меншік қонақ үйлер объектілерін Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген талаптар мен ережелерге сәйкестендіру бойынша шаралар қабылдау;

- қоғамдық тамақтандыру объектілерінің олардың ведомстволық тиістілігіне және меншік нысанына қарамастан қызметін сапалық бақылауды қамтамасыз ету ұсынылсын. Қаланың жаңадан пайдалануға беріліп жатқан тұрғын үйлеріндегі, жеке меншік секторларындағы, құрылыс алаңдарындағы, қала базарларындағы тамақтандыру объектілеріне аса назар аударылсын.

3. Сауда объектілері мен қоғамдық тамақтандыру объектілерінің Санитарлық ережеге сәйкестігіне бақылауды күшейтсін.

4. «Астана қаласының Сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ –не қонақ үй бизнесі мен қоғамдық тамақтандыру объектілерінің Астана қаласының аумағында сыртқы (визуалды) жарнаманы орналастыру тәртібі және шарттары туралы қағиданы сақтауларына бақылауды күшейту ұсынылсын.

**Құрылыс, экология,  
көлік, сауда және тұрғын  
үй – коммуналдық  
шаруашылық мәселелері  
жөніндегі тұрақты  
комиссияның төрағасы**



**С. Жүнісов**